



Бекітемін

2016 ж.

МГТК директоры

Смагулов С.Г.

**СТУДЕНТ АБЫРОЙЫНЫҢ КОДЕКСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
ЖМ «КӨПСАЛАЛЫ ГУМАНИТАРЛЫ-
ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ»**

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқу мекемесінің барлық жастарына жасалған «КГТК студенті абыройының Кодексі» зерделеу және меңгеру ұсынылады.

Көпсалалы гуманитарлы-техникалық колледждің дүниетаным потенциалына, креативті ойлау, тұлғаны анықтау қабілеттеріне ие, мамандықтар бойынша шынайы құзыреттіліктерді меңгерген студенттері, оқытушылар, студенттер мен әкімшілік арасындағы шынайы демократиялық және сыйластық қарым-қатынастарды қалыптастыруға, кәсіби және мәдени бағытталған тұлғаның сапасын арттыруға талпынады және корпоративті басқару қағидаларын нығайту және дамыту міндетім деп есептейтін жастар, барлық жауапкершілікпен осы Кодекстің нормаларын басшылыққа алып, оған бағынуды міндетім деп санайды.

Аталмыш абырой Кодексі колледж аумағында, студенттер Үйінде және оның маңында әрекет етеді. КГТК студенті абырой Кодексінің әр бабын білуге және орындауға міндетті. Студенттерді «абырой Кодексімен» таныстыру оқу жылының басында бөлім меңгерушілерімен және топ жетекшілерімен жүзеге асырылады.

2. Кодекс бөлімдері

2.1. КГТК студенттерінің құқықтары мен міндеттері

2.1.2. Студент құқықтары:

1-бап

КГТК студенті Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің стандарттарына сәйкес білім алуға құқылы;

2-бап

КГТК студентті жастардың алқалы кеңесінің құрамына кіруге, клубтарға, үйірмелерге, секцияларға қатысуға құқылы;

3-бап

Кітапхананы, ақпараттық кадрларды, оқу, ғылыми, емдік қызметтерін тегін пайдалануға құқылы;

4-бап

Белгіленген ретте студенттер Үйіне орналасуға құқылы;

5-бап

Моралді немесе материалды марапаттауларға және сыйларға ие болуға құқылы;

6-бап

Оқу процесі барысында түрлі дәрежелердегі адамдардың заңсыз әрекеттерінен заңды қорғалуға құқылы;

7-бап

Әрекеттегі заңдылықтарға сәйкес оқудан бос уақытта қосалқы жұмысқа кіруге (18 жасқа толғандар) сондай-ақ, қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес білім бағдарламасын толық меңгерген және әкімшілік мен оқушылар құрамының жарлықтарын бұлжытпай орындаған студент, академиялық демалыс алуға құқылы;

8-бап

Білім үрдісін, демалыс және тұрмыс жағдайларын жетілдіру істеріне қатысуға құқылы;

9-бап

Қолданыстағы Ережелерге сәйкес, басқа оқу орнына ауысуға немесе оқу орнына қайта кіруге құқылы;

10-бап

Оқу-тәрбие процесіндегі бұзақылық оқиғалары туралы ақпараттарды жеткізбеу (студенттің сұрауы бойынша) құпиясын сақтауға құқылы;

11-бап

КГТК студенті осы Кодекс бойынша орын алған тәртіп бұзушылықты өз бетімен жоюға, мүмкіншілігі болмаған жағдайда, ол туралы колледж әкімшілігіне немесе жастардың алқалық ұйымына хабарлауға құқылы.

2.1.2. Әр студенттің міндеті:

12-бап

КГТК студенті ҚР Конституциясын және ҚР басқа да заңнамаларын білуге және орындауға, оқу-тәрбие процесін реттемелеуші ішкі тәртіп және студенттер Үйіндегі ережелерге бағынуға, бұйрықтар мен басқа да нормативті құжаттарды орындауға міндетті;

13-бап

КГТК Қазақстанның тарихы мен мәдениетін сыйлауға, колледждің қалыптасқан дәстүрлерін сақтауға, корпоративті рухты көтеруге, жақсартуға міндетті;

14-бап

КГТК студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге және оларға құрметпен қарауға міндетті.

15-бап

Студенттің негізгі міндеті – оқу ісіне жауапкершілікпен қарауға, оқу ақысы бойынша Шартты бұлжытпай орындауға міндетті;

16-бап

КГТК студенті басқа да студенттермен, оқытушылармен және колледж әкімшілігінің өкілдерімен сыпайы, әдепті болуы міндетті;

17-бап

КГТК студенті азаматтардың ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, дүниетанымы мен діни көзқарастарына қарамай, оған құрметпен қарауға міндетті;

18-бап

КГТК студенті өз тарапынан зорлық-зомбылық көрсету, басқаны қорқыту, жаман қылық жасау, басқаны балағаттау, ұрлық жасау, басқаның мүлкін қасақана құрту жаман әдеттерін жасамауға міндетті;

19-бап

Шұғыл пайда болған жағдайлардың салдарынан сабақта болмауы туралы уақытылы (бірнеше сағат ішінде) колледж әкімшілігіне ақпарат беруге міндетті (студенттің сырқаттануы, отбасылық жағдайға байланысты болмауы және т.б.)

20-бап

КГТК студенті сабаққа классикалық түрде киінуге міндетті: бір түсті көйлек, жейде, жемпір, қоңырқай классикалық шалбар мен тізесінен 5-7 см жоғары юбка киюге міндетті. КГТК студентінің сырт көрінісі қоғамның этикалық және эстетикалық талаптарына сай болуы тиіс;

21-бап

КГТК студенті ұлтаралық келіспеушілік және адамның құқығын бұзатын басқа діни бағыттардан аулақ болуға міндетті;

22-бап

КГТК студенті былапыт сөздерге әуес болмай, мөлшерленген тілмен ойын білдіруге міндетті;

23-бап

КГТК студенті колледждің мүлкіне ұқыптылықпен қарауға міндетті;

24-бап

КГТК студенті колледж және оның маңайын көгалдандыру және абаттандыру шараларына белсенді қатысуға міндетті;

25-бап

КГТК студенті колледждің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарауға міндетті;

26-бап

КГТК студенті колледж маңында темекі тартпауға, насыбай атпауға, ауланы былғамауға міндетті;

27-бап

КГТК студенті салауатты өмір салтын ұстап, жеке басының деңгейін, адамгершілік пен мәдениетті дамытуға, барынша барлық мүмкіндіктерді пайдалана отыра, колледждің қоғамдық өміріне белсенді түрде қатысуға міндетті;

28-бап

КГТК студенті колледжде (оқу ғимаратында, кітапханада, асханада және тағы басқа орындарда) өзін мәдениетті ұстауға міндетті;

29-бап

КГТК студенті колледжде және оның маңында құқықбұзушылық жаман әдеттерден (есірткі, ішімдік заттарын пайдалану) аулақ болуға міндетті;

30-бап

КГТК студенті заңмен рұқсат берілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, көтерілістер мен акцияларға қатыспауға міндетті;

31-бап

Сабақ кезінде колледж ішінде немесе оның маңында тәртіп бұзғандар жазаланады. Директордың шешімі бойынша жазалардың түрлері еңбек жұмысынан басталып, студенттер қатарынан шығарумен аяқталуы мүмкін.

32-бап

Жүйелі түрде сабақтан (айына 3 немесе одан көп) қалған студент жазаланады. Жазалану түрлері: колледждің маңын абаттандыру сенбіліктеріне немесе еңбек жұмыстарына тарту.

2.2. КГТК студенті тәртіпбұзушылықтың төменде келтірілген академиялық нормаларын болдырмауы керек:

- пара беруді;
- оқытушыны алдауды немесе оны сыйламауды;
- сабаққа кешігуді, себепсіз сабақ босатуды;
- шығармашылық ұрлық (плагиат) жасауды;
- өтірік айтуды;
- жазба қағаздарын (шпаргалка) пайдалануды;
- басқа адамның атынан білім бақылауына кіруді;
- кіру бейджін тақпауды;
- туысқандық және қызметтік байланыстарды пайдалануды

3. Оқу үлгерімі мен қоғамдық жұмыс марапаттаулары

3.1. оқу үлгерімдері мен Колледждің шығармашылық, ғылыми және қоғамдық өміріне белсене қатысқан студенттерге келесі моралді және материалды марапаттар белгіленген:

- а) алғыс жариялау;
- б) колледждің құрметті қағазымен марапаттау;
- с) марапаттаудың басқа да жолдары: құнды сыйлар мен сыйлықтар.

3.2. Марапаттаулар директордың бұйрығымен жүзеге асырылады, барлық ұжым мүшелеріне жеткізіледі және студенттің жеке ісінде сақталады.

4. Кодекстік баптары бұзылған жағдайда берілетін тәртіптік шаралар:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- айыппұл
- колледжден шығару.

4.1. Оқу тәртібінің жауапкершілігі

4.1.1. студенттер тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін келесі жағдайларда:

- a) аталмыш Кодекспен, ішкі тәртіп Ережелерімен, колледж Жарғысымен қарастырылған міндеттерді бір рет немесе жүйелі түрде орындамағаны үшін;
- b) оқу ғимаратын дұрыс пайдаланбаған жағдайда;
- c) оқу бөлмелерін дұрыс сақтамаған жағдайда;
- d) есірткі заттарын сақтаған және тартқан, арақ ішкен, темекі тартқан жағдайда, рұқсат етілмеген акциялар, жиналыстар мен митингілерге қатысқан жағдайда;
- e) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен қарастырылған, басқа да жағдайларда;
- f) Оқу сабақтарын себепсіз босатқан жағдайда студент МГТК кассасына 200 теңге айыппұл төлейді.

4.1.2. тәртіптік жазалау Колледж директорының бұйрығымен рәсімделеді. Қолданылған шара туралы мәлімет студенттің жеке ісіне енгізіледі.

4.1.3. өз құжаттырана салғырт қараған студенттерге (студенттік билетті, сынақ кітапшаны, бейджді, гардероб нөмірін және т.б. тәртіптік шара қолданылады. Құжаты жоғалған күнде, сол құжаттың дубликаты тек бір рет қана беріледі. Жоғалған студент билетін, сынақ кітапшасын студент өз есебінен орнына келтіреді.

4.1.4. Кодексті бұзған студентке берілетін жаза алдын ала КГТК жастардың алқалы Кеңесімен келісіледі.

4.1.5. тәртіптік жазалау, оның ішінде оқудан шығару, студенттің жазбаша түсінігінен кейін ғана жүзеге асырылады. Жазбаша түрде түсінік бермеу - бұл кедергі бола алмайды. Әр тәртіп бұзушылыққа бір тәртіптік шара қолданылады.

4.1.6. тәртіптік жаза қолданарда, тәртіпсіздік қандай жағдайда орын алған, студенттің оқу үлгерімі мен тәртібі ескеріледі.

4.1.7. сырқаттану кезінде немесе академиялық демалыста болған кезде студентті оқудан шығаруға жол берілмейді.

4.1.8. оқудан шығарылудың негізі болып табылатыны: Колледж Жарғысын, Ішкі тәртіп Ережелерін орындамау. Студент колледжден шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен, оның ішінде сырқаттануына немесе басқа колледжге ауысуына байланысты;
- академиялық үлгермеушілікке (сессия барысында үш немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз баға алғандар) байланысты;
- шарттың баптарын орындамаағы үшін;
- бір немесе бірнеше рет Колледж Жарғысын, «ҚР білім туралы» заңына сәйкес жасалған ішкі тәртіп Ережелерін;
- соттың үкімімен заңды күшіне енген қылмысы үшін, сондай-ақ басқа да Колледж студентіне кір келтіретін тәртіпбұзушылықтар үшін;
- есірткі заттарын пайланғаны үшін;
- егер студент ағымдағы жылдың басында себепсіз оқуға кіріспесе оқудан шығарылады.

4.2. тәртіптік жаза жастардың алқалы Кеңесімен келісіле отыра, Тәртіптік кеңесте беріледі.